

Жұмабаева А.Қ.
**Алтынбек Сәрсенбайұлының
саяси-әлеуметтік
публицистикасындағы
ұлттық мұрат**

Мақалада Алтынбек Сәрсенбайұлының саясаткерлігі мен қоғам қайраткерлігі, оның саяси процестерге араласуы қарастырылады. Оның саяси-әлеуметтік публицистикасындағы ұлттық мүдде зерттеледі. Интеллект – журналист ақыл-ойының жалпы потенциалы. Саяси және кәсіби ортаға бейімделу үшін саналы түрде пайдаланатын қарым-қабілеті. Мәселенің байыбына терең үнілу, фактілер тізбегі арқылы деректілікті жүйелеу, тығырықтан шығар жолды нұсқау – осының барлығы Алтынбек Сәрсенбайұлы шығармашылығын даралайтын жайттар екендігі туралы сөз қозғалады.

Түйін сөздер: публицистика, саясат, журналистика.

Zhumabayeva A.K.
**The national target in the
publicism of Altynbek
Sarsenbayev**

In the article deals with political and social activity, his participation in political processes of Altynbek Sarsenbayuly. The main feature of publicism of Altynbek Sarsenbayuly is precise facts, find a solutions.

Key words: publicism, policy, journalism.

Жұмабаева А.Қ.
**Национальный интерес
социально-политической
публицистике
Алтынбека Сарсимбайұлы**

В статье рассматривается общественно-политическая деятельность Алтынбека Сарсенбаева и его непосредственное участие в политических процессах. Исследуются вопросы отстаивания национальных интересов в его социально-политической публицистике. Автор статьи описывает такие личностные качества общественного деятеля, как оригинальность его идей, интеллект, находчивость и прозорливость. В статье описывается его общественно-политическая деятельность, суть которой состояла в открытом обсуждении актуальных проблем общества и борьбе политика за справедливость и гласность.

Ключевые слова: публицистика, политика, журналистика.

**АЛТЫНБЕК
СӘРСЕНБАЙҰЛЫНЫҢ
САЯСИ-ӘЛЕУМЕТТІК
ПУБЛИЦИСТИКАСЫН-
ДАҒЫ ҰЛТТЫҚ МҰРАТ**

Бүгінгі күні қазақ публицистикасы мен журналистикасына кәсіби қаламгерлермен қатар өзге мамандық иелері де үн қосып, араласып жүр. Қазіргі күні көсемсөз саласына түрлі кәсіп иелерінің атсалысуы тенденцияға айналған. Бұл ретте көсемсөзші Алтынбек Сәрсенбайұлының негізгі мамандығы журналист бола тұрса да, қаламгердің саясаткерлігі мен қоғам қайраткерлігі, оның саяси процестерге араласуы шығармашылығына елеулі әсер етті. А.Сәрсенбайұлының саясаткерлікке ден қоюы публицистикасына жаңашылдық әкеліп, жаңа қолтаңбаның қалыптасуына жол ашты. «Публицистиканың ауқымы кең, оған немқұрайды қарайтын адамға қатысты қызмет саласын кездестіру қиынға соғады. Публицистика әлемі бүкіл әлемді қамтиды деп сеніммен айтуға болады» [1, 152].

Әсіресе, Алтынбек Сәрсенбайұлы мемлекеттік қызметті тастап, демократиялық күштердің қатарына қосылған сәттен бастап қаламгер шығармашылығында бөлек сипат, ерекше серпіліс бой көрсетті. Оның публицистикасы кең қанат жайып, өзіндік бағытта дамыды. Қоғамдық қызмет көсемсөзші туындыларына сонылық, көпқырлылық, жаңа леп алып келді.

Зерттеушілер ойынша, саяси журналистика екі формада көрініс табады. Алғашқысы – кәсіби тілшілік жұмыс және екіншісі – публицистика. Десек те зерттеушілердің өздері мұндай бөлініс шарттылық, шын мәнінде саяси журналистика бір бүтін нәрсе деп есептейді [2, 18].

БАҚ-тың әлеуметтік функциясына сүйенсек, саясат – бұл БАҚ қызмет ететін саланың бірі. Бұл салада журналистика саяси процестердің қатысушысы әрі жүйелі, бүтін және іштей дифференциаланған құрылым ретінде көрініс береді. Мәртебесі мен рөлі жағынан БАҚ бір жағынан құрал, субъект әрі саяси процестердің бақылаушысы [2, 42].

Публицистика – бүгінгі күннің энциклопедиясы. Бүгінгі күннің аумағына кіретін барлық салалар – философия, саясат, экономикалық ғылымдар, эстетика, биология, химия публицистикалық танымның объектісіне айналады.

Мемлекеттік қызметте болған жылдары Алтынбек Сәрсенбайұлы қазақ ұлтына аз еңбек сіңірмеді. Журналистикадан мемлекеттік қызметке ауысқан көсемсөзші мемлекеттің қалыптасуына, осы бағыттағы реформаларға үлес қосты. «1992 жылы

тәуелсіз газеттің бас редакторы болып жүргенімде мемлекеттік қызметке Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі шақырды. Және үлкен қызметке – президент әкімшілігінің бөлім басшылығына... Кейін 30 жасымда Баспасөз министрі бодым. Бірақ сол он жылда да, басқа кезде де режимге қызмет етім деп айта алмаймын. Сол ең ауыр жылдары біз алдымыздағы ең басты мақсат – мемлекет құру, тезірек бұғанасын бекіту деп есептедік. Және ол үшін экономикалық реформа жасау керек болды» [3].

Сөйтіп, Алтынбек Сәрсенбайұлы еліміз үшін ең бір қиын-қыстау күндерде ақпарат саласын басқарды. «Қиын-қыстау кезеңдегі ауыр реформалар ел тұрмысын күрт өзгертті емес пе, ол уақытта жұртшылықтың 90 пайызының өз өміріне көңілі толмайтын. Мұндай көңіл-күй ақпараттық айналымға әлеуметтік саладағы ащы ақиқатты ашып айтатын ақпарат құралдарын алып шықты. Егер сондай бұқаралық ақпарат құралдарына әкімшілдік үстемдікпен қазіргі «Казахстанская правда» мен «Егемен Қазақстандағы» сияқты алаулатып-жалаулатып, тек жақсы жағынан ғана жазуды күштеп таңсақ, оқырман ондай басылымнан нақты өмірді шынайы көрсете алмағаны үшін теріс айналып кетер еді де, ондай басылымдар сұранысты өтеуге дәрменсіз болып, ақырында жабылып тынар еді. Сол себептен бұқаралық ақпарат құралдарына әлеуметтің мұңын мұндап, жоғын жоқтау мүмкіндігін саналы түрде бердік» [4]. Міне, бұл министр А.Сәрсенбаевтың ақпарат саласында тындырған бір ғана ісі. Тәуелсіз БАҚ-қа еркіндік беру, идеологиялық плюрализмді дамытуға қолдау көрсету айтуға ғана оңай. Шын мәнінде министрге бұл оңайға соққан жоқ. «Қиын кезеңде ақпарат саласын басқару – айтуға ғана оңай. Әлеуметтік мәселелерге келгенде агрессивті ақпарат құралдарына ғана емес, сол уақытта сөз бостандығына енді-енді ғана еттері үйрене бастаған шенеуніктерге де басалқы айтуға тура келді» [5]. Осылайша жас министрге бостандық буына жаңа піскен баспасөз бен шенеуніктерді тәрбиелеуге тура келді. Тағы бір айта кететін жайт, 1999 жылы бұқаралық ақпарат құралдары жаңа заң жобасы А.Сәрсенбайұлы министр болып тұрған кезде қабылданды. Кейін осы заңға өзгерістер енгізілді. Кейін ақпарат құралдарының аяғына тұсау салатын заң қабылданар кезде бұрынғы министр А.Сәрсенбайұлы оған қарсы пікірін ашық білдірді. Демократиялық күштерге қосылған соң «БАҚ туралы» жаңа заң жобасын өзі жасап шықты. 2004 жылы қайтадан Ақпарат министрі болған соң жаңа заң жобасын өткізбек болды. Алайда заң қабылдан-

бай, кері қайтарылғаны есте. Оның үстіне министрлікке екінші рет оралған А.Сәрсенбайұлы онда көп аялдаған жоқ. Парламенттік сайлау өтіп, қорытындысы белгілі болысымен-ақ ол мемлекеттік қызметтен бас тартты.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары А.Сәрсенбайұлы идеология саласында жүргенде елде әртүрлі саяси оқиғалар болды. Әр-әр жерде тау халықтары көтеріліп, тұтанып барып басылды. Сол дүмпулерді тоқтатқан саясаткерлердің қатарында А.Сәрсенбайұлының да болғанын айта кеткен жөн. «Ол кездегі дүмпулерге себеп – кеңестік заманнан қордаланып қалған ұлтаралық қарым-қатынас мәселесі. Одақтың тоқпағынан арылғаннан кейін әркім өз еркіндігін пайдаланып, өзі тұрған аумақты кеңейтіп алғысы келді. Екіншіден, әрбір оқиғаның астарынан басқа елдердің ықпалын іздеуге тура келетін. Себебі қай елде тұрақтылық болмаса, сол елдің басшылығы кейбір мәселелерді шешу үшін көрші елдердің біріне тәуелділікке ұшырайтын [6]. Сөйтіп, 90-жылдары Шығыс Қазақстанда ұлтаралық қақтығыс орын алды. «Овечий ключ» кентінің шешендері қазақтың төрт азаматын бауыздап кеткен-ді. Артынша сол жердің қазақтары өре түрегіліп, шешендер Шығыс Қазақстаннан қоныс аударсын деген талап қойды. Бұларды облыстық кеңес қолдаған. Президент тез арада жағдайды тыныштандыру үшін А.Сәрсенбаев пен Қ.Сүлейменовті Шығыс Қазақстанға жібереді. «Өлген қазақтардың тарихын зерттесем, жұмыссыз жүрген жастар екен. Кілең қазақтар тұратын ауылдан келген. Ұсақ-түйек жұмыс істеп, жұмысшылардың жатақханасында тұрып жатқандар. Намысың да келеді ғой, екі шешен төрт қазақты өлтіріп кетіпті дегенге. Аш-құрсақ жүрген жаста аздап ұрттап алған соң, қызып қалған. Арада кикілжің болып, арты жаңағыдай қайғылы оқиғаға алып келген. Сосын сол кездегі облыс басшысы Бектемісовке: «Аға, қазақтар тұратын төрт ауданның әлеуметтік мәселесін шешпейінше, бауырларыңыздан құрбандық көбейе береді» [7], – дедім. Міне, саясаткер ушыққан ахуалды реттеп қана қоймай, мәселенің түп-төркініне үңілген. Алтынбек Сәрсенбайұлы шешендермен қақтығыс кезінде ғана емес, қазақтармен кикілжің кезінде немесе оларға қарсы шыққан қазақ бауырларға басу айтып, оларды қайтарған істің басы-қасында жүрген. Мемлекеттік қызметте жүргенде Алтынбек Сәрсенбайұлының ұлт үшін тындырған істерін тізіп беру мүмкін емес. Мемлекеттік тілді дамытудың онжылдық бағдарламасы да көсемсөзші министр болып тұрған кезде қабылданғанын айта кету керек.

«Журналист әлдебір саяси күштердің өкілі және оның идеологиясын таратушы, үгіттеуші, насихаттаушы болуы мүмкін. Мұндай жағдайда оның шығармашылығы ерекше формада көрініс табады. Мұндай туындыларда аудиторияның саяси көзқарасы және көсемсөзші үгіттеп отырған партияның идеялық әсерінің шектеулі синтезі байқалады. Осылайша БАҚ саяси күрестің мүшесіне айналады» [8, 150].

Публицист қоғамдағы проблемаларды ашық талқыға салды. Әділеттілік пен жариялылық үшін күресті. Публицистикасын да осы мәселелерге арнады.

2004 жылғы парламент сайлауының қарсаңында Алтынбек Сәрсенбайұлы мемлекеттік қызметке қайта оралды. Өзіне етене таныс Ақпарат министрлігінің басшылығына қайтып барды. Алайда министр қызметін бар-жоғы төрт ай атқарды. Билікке парламент сайлауын бұрмалады деген айып тағып, өз еркімен отставкаға кетті. Осы тұста публицист жарияланымдары көбіне-көп саяси мәлімдеме, ашық сұхбат формасында көрініс тапты.

Көсемсөзші әр уақытта көпшілік пікірімен санасады. Өзіне сенім артқан халыққа әрбір саяси шешімінің мән-жайын түсіндіреді. Ол мемлекеттік қызметке қайта тағайындалғанда онда үн-түнсіз бара салған жоқ. Ақпарат министрлігін басқару жөніндегі ұсынысты неліктен қабыл алғанын түсіндіреді. «Мемлекет басшысының ұсынысы мен менің мемлекеттік қызметке келуім қоғам алдындағы жауапкершіліктен туындап отыр», – деп, Ақпарат министрлігі басшылығына келуінің бірнеше себебін көрсетеді. Өзге себептеріне тоқталар болсақ, саяси реформаларды жүзеге асыратын демократияландыру және азаматтық қоғам мәселелері жөніндегі Ұлттық комиссия жұмысына қатысу. Және соңғы себеп – демократиялық стандарттарға сай келетін БАҚ туралы жаңа заң жобасын жасау.

А.Сәрсенбайұлы саясаткер мүддесі халық мүддесімен бір болуы тиіс, саясаткердің басты мақсаты – ұлттық мүдде мен халықтың ең зәру талап-тілектерімен сәйкес, үйлес болуы керек деп есептеді. Алтынбек Сәрсенбайұлы өзіне артылған халықтың сенімін толық ақтады.

«Бұқаралық коммуникациядан тыс өмір сүретін саясат болмайды. Саясаткер айналасын, қарсыластарын, жақтастарын иландыруға, нандыруға тырысады» [9, 150].

Алтынбек аға президенттік сайлау қарсаңында жазылған атышулы «өткендегі жағдайлар және басқалары туралы кейбір ойлар» мақаласы осы тақырыпқа арналған. Бірақ бұл жарияла-

нымның атқарар жүгі проблемалық мақаладан да ауыр. Мұнда саяси оқиғаларға шолу, саяси сараптама, түсіндірме, мақаланың элементтері кездеседі. Мақаладағы басты орын – автордың жеке толғанысына берілген. Мұнда өткенге көз жүгіртумен қатар болашақты болжау, автордың жеке позициясы мен болжампаздығы аңғарылды. Көсемсөзшінің саяси тақырыпқа жазылған бұл туындысы бірнеше бөлімнен тұрады. Және әр бөлімнің айтар ойы, арқалаған жүгі, қоғам алдындағы жауапкершілігі қомақты. Автор өткенді ой елегінен өткізе отырып, бүгінгі күнге бағасын береді. Биліктің сөзі мен ісі қабыспайтыны, биліктің үнсіздігі, бәрі-бәрі сөз болады бұл мақалада. Сайлау қарсаңындағы қарбалас пен биліктің көзжұмбайлығынан бастап тіл саясатына дейін... сөз бостандығынан бастап тіл мәселесіне дейін... Билік жүгенсіздігінен бастап авторитарлық режимге дейін... Ақыр аяғы тарихта қандай жолмен қалуға болары жайлы сөз қозғайды. «Ең маңыздысы, жалғыз мына мәселе болып қалмақ: ол қандай ұлттық құндылықтарды қалыптастырды және өзінен кейін халыққа қандай қоғам қалдырып кетті, – дей келе ол: – Мұның бәріне көзжұмбайлықпен қарай алмаймын. Мемлекетіміздің болашағы үшін ғана емес. Мен Қазақстанның өзінің мүмкіндігін пайдалана алмай, босқа жіберіп алған мемлекет болғанын қаламаймын. Тек мен ғана емес, менен кейінгі буын да. Сондықтан да кейде осындай мақала жазуға тура келеді. Маған тән емес жанрда» [9]. Бірақ, біздіңше, бұл – нағыз көсемсөзшіге тән жанр. Публицист буырқанған, шер болып қатқан сезіміне ерік береді, өршіл пафос, асқақ үнмен сөйлейді. Мәселені жалпыдан бастап жалқыға қарай ойысады, мақала жазудың принциптерін осылайша сақтайды.

Қалың оқырман публицистен елең еткізерлік, қамтыған мәселесінің жүгі ауыр тұщымды дүниелер күтеді. Өз кезегінде публицист те «қоғамдық фактілерді тізіп қана шықпайды, мәнін тектен-тек талдамайды, ол жөнінде көзқарасын білдіріп, оған баға береді» [10, 21]. Сонда ғана қаламгердің айтар ойы ұшқыр, сөзі иланымды шығып, қоғамдық пікір тудырады.

А.Сәрсенбайұлы публицистикасындағы тағы бір ерекшелік, оның туындыларындағы ішкі полемика. Автор тууы мүмкін оқырман сауалдары мен қарсылықтарына ыңғайластырып, ішкі полемиканы туғызады. Теоретиктердің айтып жүрген «публицистикалық текстің ішкі монологтық диалогтандырылуы» осы болса керек [11, 90].

Сөйтіп, жалпыдан жалқыға қарай жылжиды. О.Сүлейменов мақаласының мәтініне талдау жа-

сап, қақпайласу, қайымдасу әдісін қолданады. Ақынның: «Саяси процестерді орынсыз жеделдетіп, оны экономикалық реформалардан оздыртып жіберген бұрынғы кеңестік кеңістіктегі республикаларда түрлі катаклизмдер орын алды. Қазақстанда бәрі басқаша өрбіді», – дегеніне А.Сәрсенбайұлы былай дейді: «Ақын бұл жерде қандай «көрші мемлекеттерді» айтып отыр? Өзірбайжанды ма, Түркіменстанды ма? Өзбекстанды ма? Бірақ бұларда саяси реформаның өзі тұрмақ, ізі де болған жоқ қой. Бәлкім, Олжас Грузия мен Украинаны айтты ма екен? Мүмкін, Қырғызстанды айтқан болар? Бірақ онда реформалар енді ғана басталды ғой. Авторитарлық былық-шылықты енді ғана тазалауға кірісті... Бәлкім, Ресейді айтты ма екен?...» [12] – дей келе бұлардан гөрі Балтық жағалауындағы мемлекеттерді бақылап, солардан үлгі алу керектігін ескертеді.

Бірақ публицистің бұл туындысы Олжас Сүлейменовке қайтарған жауап, айтыс мақала сарынында ғана жазылған дүние емес. Бұл – А.Сәрсенбайұлының тұтас жүйеге қайтарған жауабы іспеттес. Бір ғана ақынның мақаласын талдау арқылы былық-шылықтың бетін ашып, билік бетпердесін сыпыруы, ұлттық мұратты қолдауы. Бір жағынан қазақ зиялыларына ой тастауы. «Сүлейменов неге үндемейді? Ол неге «Қазақстанның «шын иелері мен қожаларын» атын атап, түсін түстеп бермейді? Миллиардер болып шыға келген «шеттегі адамдарды» айтайық та ең болмаса. Қазақстанға бұларды кім алып келіп еді, оны да анықтай кетейік. Олардың қолына одақтық пирогтың майлы бөлігін ұстатқан кім, оны да түстеп-тани жүрейік» [12].

Интеллект – журналист ақыл-ойының жалпы потенциалы. Саяси және кәсіби ортаға бейімделу үшін саналы түрде пайдаланатын қарым-қабілеті. Жоғарыдағы мақалада ұшқыр ой, интеллект, ізденіс пен тапқырлық қатар өріледі.

Зерттеуші В.Пельттің тұжырымынша, мақала жанрында фактіні талдау маңызды. «Мақала ғылыми трактатқа жақын. Әдетте мақалада ауқымды фактілер қамтылады» [13, 29]. Публицистің қай-қай мақаласын алсаңыз да, онда үлкен көлемдегі факт талданып, жинақталады. Әсіресе, А.Сәрсенбайұлының қоғамда үлкен резонанс тудырған «Үштаған» немесе Қазақстанда әділ сайлау неге арман?» атты мақаласы нақты дерек-дәйекке құрылған ой толғау іспетті. Мәселенің байыбына терең үңілу, фактілер тізбегі арқылы деректілікті жүйелеу, тығырықтан шығар жолды нұсқау – осының барлығы Алтынбек Сәрсенбайұлы шығармашылығын даралайтын жайттар.

«Не жазсандар да фактіні атап, оқиғаны құр хабарлап қана қоймаңдар, сырын ашып, себебін түсіндіріңдер, салдарын айтыңдар» [10, 23], – дейді профессор Темірбек Қожакеев. Публицист Алтынбек Сәрсенбайұлы осы қағидалардан мүлт кетпей, күшті логикалық байланысты сақтайды. Ал көсемсөзде күшті логикалық байланысқа ерекше мән берілетіні бесенеден белгілі.

«Белгісіз біреулер Жармахан Тұяқбайдың өміріне қауіп төндіріп, Өскеменде қастандық ұйымдастырды. Белгісіз біреулер Жабайы Арманды алға салып, Ж.Тұяқбайға Шымкентте тағы да қастандық жасады. Оның серіктерінің өміріне қауіп төндірді. Белгісіз біреулер жүздеген мың дана үгіт материалдарын ұрлап кетті. Белгісіз біреулер республиканың барлық жерінде оппозиция белсенділеріне қоқан-лоққы жасап, соққыға жықты. Белгісіз біреулер оппозицияның Қостанайдағы кеңсесін өртеді. Белгісіз біреулер оппозиция белсендісі Елена никитинаның қызын ұрлап кетті...» [14]. Автор мақаласын осындай деректерді тізуден бастап сайлау тақырыбына қарай ойысады. Әділ сайлауды өткізуге не кедергі деген сауалға жауап іздейді. Бұл сұраққа өзі егжей-тегжейлі жауап береді. Сөйтіп, «Үштағанның» сырын ашып береді. Көсемсөзші ойынша, қоғамды билеп-төстегісі келіп, әділдікке тұсау салып отырған «Үштаған» – отбасы, олигархтар мен айналасы. Публицист осылардың әрқайсысына жеке-жеке тоқталып, мән-мағынасын баяндайды. Себеп-салдарына үңіледі. Алтынбек Сәрсенбайұлының осы жарияланымының көтерер жүгі ауыр. Мұны мақала қорытындысынан-ақ анық аңғарасыз.

Беларусь зерттеушісі Б.В.Стрельцов: «Автор өз ойын дамытып, аргумент және факт арқылы дәлелдей түсіп, ақыр аяғы оқырманды барлық ой жүйесі мен дәлелдерден туындайтын қорытындыға әкеледі. Бұл қорытынды ашық формада жасалуы мүмкін. Қорытынды – автор ойының жүйесіндегі логикалық нүкте. Қорытындыда автор ұсыныстары қоса берілуі мүмкін» [15, 110], – деп қорытады. Алтынбек Сәрсенбайұлы мақаласын былай деп тәмамдайды: «Тек қана екі балама бар: – Әлде 15 миллион азаматты олар басқарады, әлде 15 миллион азамат өз отандарын дербес басқаратын болады; – Әлде Үштаған қоғамға бұдан әрі де өз дегенін жасайды, әлде қоғам Үштағанды өз орнына қоятын болады» [14]. Сөйтіп, публицист көпшілікті таңдау жасауға шақырады. Ол таңдау – саналы түрде, азаматтық, жеке бастық таңдау, әділеттілік пайдасына, заң мен тәртіп пайдасына таңдау, тәуелсіздіктің тағдыры үшін таңдау болуы тиіс. Сөйтіп, Ал-

тынбек Сәрсенбайұлының терең толғанысты, деректілікке негізделген проблемалық мақаласы эмоцияға әсер етер нанымды мәліметтер арқылы қоғамдық ой-санаға қозғау салады.

Публицистикалық өнім сапасына қандай өлшем мен сапа керек? Зерттеуші К. Қамзин мақаланың қағидалық талаптарын былайша айқындайды: «Басты қағидалық талап – мақала концепциясының айқындығы, перспективалық биіктерге ұмтылуы, ғылыми болжампаздығы сияқты іргетастан өрбітілген жөн. Жаратылыспен қоғамның объективті даму қадамы әбден ескерілгені ләзім. Яғни нағыз мақала уақыт қыспағына шыдай алады, тарих талғамына батыл жауап бере біледі, оның ғимаратының архитектурасы еңселі, ойлы да, сойылы да. Онда ғылыми, концепциялық тұжырымдар, перспективалық маңызы бар ойлар басым болады. Мақала идеологиялық штамптардан, жалаң ұраншылдықтан арылып, жүйелі фактілерге сүйене келе, құбылыстар тізбегін саралай отырып объективті заңдылықтар туралы қорытынды шығаруға ұмтылады. Екінші талап мақаланың ақпараттық кеңістікке орналасуына, шығарманың көлеміне байланысты. Өзіміз көріп, оқып жүргендей, тегеурінді, пәрменді, ойға қанық мақала молынан пішіледі, етек-жеңі кең болады, образды ойға, әдемі ассоциацияға құрылады» [15, 132]. «Үштаған» мақаласы осы талаптарға толық жауап береді, әрі бұл шығармадағы ойлар уақыт безбеніне шыдай алады.

«Уақытында айтылмаған шындықтың қадірі жок». Бұл – саясаткердің өз сөзі. Публицист бұл принципінен ешуақытта ауытқымады да. Шымбайына батқан шындық сөзі үшін оны сотқа сүйреп, жазықсыз жазғыртқандар да болды. Саясаткерді сотқа сүйреуге оның «Республика» басылымына берген сұхбаты түрткі болды. Онда А.Сәрсенбайұлы былай дегенді: «Меніңше, қазір жұртшылық қай БАҚ-тың кімге тиесілі екенін жақсы біледі. Өз басым ең бірінші кезекте Дариға Назарбаева мен оның отбасына тиесілі медиа-холдингті монополиясыздандыру қажет деп есептеймін». Сөйтіп, саясаткер медиа-холдингке кіретін барлық ақпарат құралын тізіп берген. Сондай-ақ осы ақпарат құралдарының сол қожайынға қандай жолмен түскенін, медиа-холдинг мемлекеттік бюджет тарапынан қаржыландырып келгенін, бәрін бүге-шігесіне дейін әшкерелейді. Артынша «Хабар» агенттігі саясаткерді сотқа берді. «Компанияның ар-намысы мен іскерлік беделіне нұқсан келтірді» деген айып тақты. Моральдық нұқсан 1 миллиард теңгеге бағаланды. Публицист қалың оқырманға

не айтқалы отыр, бұл ең алдымен үлкен жауапкершілікті жүктейді. Алтынбек Сәрсенбайұлы қандай мәлімдеме жасаса да, оны терең байыптылықпен, фактілерге сүйеніп жеткізеді. Медиа-холдинг туралы әңгіме қозғағанда да ол министрлікті басқарған кездегі өз көзімен көрген құжаттарды алға тартады.

Түптеп келгенде, бүгінде публицистика жанрларының генезисі арқасында эпистолярлық жанр деформацияға ұшырап, қоғамдық мәнге ие болды. «Публицистиканың ең осал жері – оның жеке адамға емес, жұртшылыққа, бұқараға арнаулы, көпшілік жағдайда индивидуумының ерекшелігін ескермеуі, көсемсөзді көбінесе қоғамдық құбылыс ретінде қарастыруы, халықты бұқаралық ақпарат құралдарына жиынтық категория ретінде телуі. Хаттың деформацияға ұшырауы, оның жанрлық метамарфозасы да тап осында жасырулы. Қоғамдық қатынастардың ұйысуы салдарынан хат бірте-бірте жеке бастық, тұрмыстық-коммуникациялық, интимдік шырайларынан айырылып, проблематикалық эпистолярлық публицистикаға айнала бастады» [15, 212].

А.Сәрсенбайұлының келесі бір хаты өзінің бұрынғы партияласы, досы, мүдделесі, саясаттағы серігі Әлихан Бәйменовке бағытталған. «Ақталғың келсе, ақ сөйле – адаспайсың. Әлихан, осыны еске тұтқайсың» атты тақырыптың өзі-ақ хатта не мәселе сөз болатынынан хабар береді. Публицист бұл хатты «Ақ жол» демократиялық партиясы екі жікке бөлініп, әрі-сәрі күйге түскен кезде жазған. Хатты жазуға Әлихан Бәйменовтің «Олар мені президенттікке үміткер деп санаса керек» деген сұхбаты түрткі болған. Алтынбек Сәрсенбайұлы Бәйменовтің сөздері мен келтірген деректерін түгелдей жоққа шығарады. Бірақ публицистің бұл хатында ескі жолдасын айыптау атымен жоқ. Бұрынғы партияласын қаралаудан да ада.

Хат кей-кейде кімнің ақ, кімнің қара екенін, кімдікі дұрыс, ал кімдікі бұрыс екенін көрсету үшін, шындық пен өтіріктің ара-жігін ажыратып, халыққа түсіндіру үшін жазылады. «Ақ жол» партиясының екіге бөлінгені былай тұрсын, оның бұрынғы тең төрағасы Ә.Бәйменовтің сұхбаттарын жұрт сан-саққа жүгіртті. Бұл ретте публицист А.Сәрсенбайұлы ақиқаттың бетін ашып, шындығындағы мән-жайды хат арқылы баяндайды. Хат адресаты Ә.Бәйменовке тіл тигізбейді, ар-намысына тимейді, күйе жақпайды. Керісінше, ағалық ақылын айтып, дұрыс жол сілтейді. Ақиқаттан аттап кетіп, қия баспауға үндейді.

Бір ауыз сөзбен айтқанда, Алтынбек Сәрсенбайұлы демократиялық идеяларын, мақсат-мұ-

ратын өз көсемсөзі арқылы баяндап, жеткізді. «Қазір билікке де, оппозицияға да саяси ойын ойнауды доғаратын кез жетті. Себебі қазір біз жекелеген саясаткерлердің кеудемсоқтығымен емес, 15 миллион халық тұратын мемлекеттің тағдырымен бетпе-бет келіп отырмыз. Ешкімнің тактикалық міндеттерді жүзеге асыру үшін ғана халықтың тағдырын, олардың балалары мен немерелерінің кемел келешегін қыл үстіне қоюға қақысы жоқ» [16].

Публицистиканың басты қызметі – «әлеумет ісіне басшылық жүргізу». Қаламгер шығармашылығына нақтылық, өткірлік, ашықтық, батылдық, күрескерлік тәрізді қасиеттер тән. Алтынбек Сәрсенбайұлы көсемсөзі саясаткердің ғана емес, миллиондаған қазақтың қалауын жеткізіп тұрғандай. «Бүгінгі күннің шындығы,

саяси даму қарқыны тежелсе, оның салдары экономиканың өсуіне кері әсер етеді. Саяси реформасыз индустриалды-инновациялық бағдарлама жүзеге аспайды, шағын және орта кәсіпкерлік дамып көркеймейді. Саяси реформасыз үш жыл емес, алдағы он жылда ауылды аяғынан тік тұрғыза алмаймыз. Әлемдік биржадағы шикізаттың құбылмалы бағасына Қазақстанның 15 миллион тұрғынын тәуелді етіп қоюға болмайды» [17].

Саясаткер мүддесі де, арманы да халықтікімен бір. Міне, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Алтынбек Сәрсенбайұлының саяси тақырыптарға жазылған туындыларында жеке өзінің ғана емес, тұтас халықтың арман-мүддесін аңғаратынымыз да содан. Алтынбек Сәрсенбайұлының публицист ретіндегі даралығын айшықтайтын да осы жайт болса керек.

Әдебиеттер

- 1 Литвинов В. Мир глазами публициста. – М.: Знание, 1967. – 152 с.
- 2 Журналистика в мире политики: Исследовательские подходы и практика участия ред. сост. С.Г. Корконосенко. – изд. Михайлова В.А. – 2004. – 448 с.
- 3 Алтынбек Сәрсенбайұлының оқырмандар сауалына жауабы// «Жас Алаш» газеті. – 16 ақпан, 2006.
- 4 «Ендігі мәселе – есіктің қай жақтан ашылатынында»// «Жас Алаш» газеті. – 29 қазан, 2003.
- 5 «Қазақты кедейшіліктен құтқаратын бірден-бір жол – демократия»// «Жас Алаш» газеті. – 28 сәуір, 2005.
- 6 «Елшілік қызметімде президент әкімшілігінен кедергілер болғаны рас»// «Азаттық радиосы». – Azattyq.org.
- 7 «Тәуелсіз елде тәуменді тұлғалар болмауы керек»// «Жас Алаш» газеті. – 13 сәуір, 2004.
- 8 Журналистика в мире политики: Исследовательские подходы и практика участия ред. сост. С.Г. Корконосенко. – изд. Михайлова В.А. – 2004. – 448 с.
- 9 Өткендегі жағдайлар және басқалары туралы ойлар// «Апта.кз» газеті. – 16 қыркүйек, 2005.
- 10 Қожакеев Т. Жас тілшілер серігі. – Алматы: Рауан, 1991. – 224 б.
- 11 Стюфляева М. Поэтика публицистики. – Воронеж, Изд. Воронежского университета, 1975. С.154.
- 12 Пельт В. Дифференциация жанров газетной публицистики. М., Изд.Московского университета, 1984. – 47с.
- 13 «Үштаған» немесе Қазақстанда әділ сайлау неге арман? // «Жас алаш» газеті. – 29 қараша, 2005.
- 14 Стрельцов Б. Основы публицистики. Жанры. – Минск, 1990. 240 с.
- 15 Қамзин К. Қазақ көсемсөзі жанрларының кемелдену үдерісі: Монография// – Алматы: Экономика, 2009. – 400 б.
- 16 Айналма жолдар мен ойынсымақтардың дәурені келмесе кетті// «Республика. Деловое обозрение» газеті. – 10 желтоқсан, 2004.
- 17 Биліктің жүйкесі сыр бере бастады// «Жас Алаш» газеті. – 5 ақпан, 2008.

References

- 1 Litvinov V. Mirb glazami publizcista.- Moskva,Znanie, 1967. – 152 s.
- 2 Jurnalistika v mire politiki: Issledovatel'skie podkhody I praktika ushastiya red. sost. S.G.Kornosenko. – izd. Mikhailova V.A.– 2004. – 448 s.
- 3 Altynbek Sarsenbaiulynyn okyrmandar sauualyna zhauaby// «Zhas Alash» gazeti. – 16 akpan, 2006.
- 4 «Endigi masele – esiktin kai zhaktan ashylatynynda»// «Zhas Alash» gazeti.. – 29 kazan, 2003.
- 5 «Kazakty kedeishilikten kutkaratyn birden-bir zhol – domokratiya»// «Zhas Alash» gazeti. – 28 sauir, 2005.
- 6 «Elshilik kyzmetimde president akimshiliginen kedergiler bolgany ras»// «Azattyq radiosy». – Azattyq.org.
- 7 «Tauelsiz elde taumendi tulgalар bolmauy kerek»// «Zhas Alash» gazeti.. – 13 sauir, 2004.
- 8 Jurnalistika v mire politiki: Issledovatel'skie podkhody I praktika ushastiya red. sost. S.G.Kornosenko. – izd. Mikhailova V.A.– 2004. – 448 s.
- 9 Otkendegi zhagdailar zhane baskalary turaly oilar// «Apta.kz» gazeti. – 16 kyrkuiek, 2005.
- 10 Kozhakeev T. Zhas tilshiler serigi. — Almaty: Rauan, 1991. — 224 b.
- 11 Stuyfliyaeva M. Poetika publicitiki. – Voronezh. izd. Voronezhskogo universiteta, 1975. s.154.

- 12 Pelt V. Differenciaciya zhanrov gazetnoi publicistiki. – M., izd. Moskovskogo universiteta, 1984. – 47 s.
- 13 «Ushtagan» nemese Kazakstanda adil sailau nege arman? // «Zhas Alash» gazetі. – 29 karasha, 2005.
- 14 Strelcov B. Osnovy publicistiki. Zhanry. Minsk. – 1990. 240 s.
- 15 Kamin K. Kazak kosemsozi zhanrlarynyn kemeldenu uderisi: Monografiya// Almaty: Ekonomika, 2009. – 400 b.
- 16 Ainalma zholdar men oiynsymaktardyn daureni kelmeske ketti// «Re spublika. Delovoe obozrenie» gazetі. – 10 zheltoksan, 2004.
- 17 Biliktin zhuikesi syr bere bastady// «Zhas Alash» gazetі.. – 5 akpan, 2008.